## *ЦИКЛОГРАММА*

***14-18 Наурыз 2022ж***

***Мектепалды даярлық тобы***

***Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»***

***Тақырыпша: «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | *Ата-аналармен аман-дасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.*<br>*қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Балалардың көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека № 8***<br>*Пед жет ойын:*<br>*«Бұл қандай құс?»*<br>***Мақсаты:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеп, ажырата* ***алады.***<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека № 13***<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Жол әліппесі»*<br>***Мақсаты:*** *Балалар жолда жүру ережелерінің белгілерін суреттен айыра алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека №-19***<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Суретші қай жерде қателесті?»*<br>***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті тауып, өз ойын айта алады.*<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Картотека № 14***<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Қайда не өседі?»*<br>***Мақсаты:*** *Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя біледі.*<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* | ***Карточка №15***<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Аңдарды қоректендір»*<br>***Мақсаты:*** *реттік санау, цифрды ретімен қоя білуді түсінеді.*<br>*4К моделі, бала үні, жанама бақылау.* |
| | ***ТАНЫМ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ*** | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***<br>*Шаттанамын, күлемін,*<br>*Бақытты боп жүремін.*<br>*Қатар тұрар шеңберде*<br>*Досым көбін білемін* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *«Бесік жыры»*<br>***Мақсаты:*** *Шағын әңгімелер құрастырып, ойын арқылы салт-дәстүрді түсінеді.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы.***<br>*Ресурстар: АҚТ технологиясы, бесік, хат.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>*Жағымды психологиялық* | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты.*** *Заттар арасымен өту, қимыл-қозғалысы белсенділігін дамыту жаттығуларын орындай алады.*<br>***Мақсаты:*** *Заттар арасында еңбектеп жүруге, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді және белгілі бағыт бойынша* | ***1.Математика негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *Логикалық тапсырма*<br>***Мақсаты:*** *Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттері дамиды.*<br>*Ресурстар: АҚТ технологиясы,дидак материалдар* | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты:*** *Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді,доға астынан допты домалатып өтуді біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Доптар, кеглилер.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>*1.Амандасу.*<br>***2.Кіріспе*** | ***11.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері***<br>***Тақырыбы: Адам - тірі зат.***<br>***Мақсаты:*** *Балалар адамның дене құрылысының атқаратын ролі жайында түсінеді, өз ойын жетілдіреді.*<br>***І.ҰОҚ өтілу барысы*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ахуал орнату.*<br>***«Жүректен жүрекке» тренингісі*** *бойынша «Шаттық»шеңберін құрып,бір-біріне жақсы тілек тілектерін айтады.*<br>***Ой шақыру.***<br>***Балалармен әңгімелесу.***<br>*Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*— Көктем айларын атаңдаршы?*<br>*Сыни ойлау, комуникативтілік дағды.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Теледидардан әже шығып амандасу.*** *Балалар немеремді бесікке салайын деп жатырмын. Сендерді де қонаққа шақырамын. Мынау сиқырлы кілемше, осы кілемшемен тезірек ұшып келулеріңе болады.*<br>*Көзімізді жұмамыз. 1,2,3 кілемше ұш.*<br>*Сиқырлы кілемшемен әже ауылына бару.*<br>*Әже балаларды қарсы алады.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Бесік жыры туралы әңгімелейді. Балаларға бесіктің ағаштан жасалға-нын балаларға көрсетеді.*<br>***Бесікке салу.*** *Бесік – қасиет-ті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге тапсырылады.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***Шілдехана*** *– жаңа туған* | *жүгіру,секіруді түсінеді.*<br>*Ресурстар: Гимнаст орындық,кеглилер, бет перделер.*<br>*Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>*1.Сәлемдесу.*<br>*2. Шеңбермен жүру.*<br>*Тәрбиешінің артынан жүру, жүгіру*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1.Қолдағы текшелерді жоғары көтеру.*<br>*2.Қос қолдағы текшелермен оңға иілу.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*4.Қос қолдаға текшелермен солға иілу.*<br>*5.Б.қ. келу.*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.*<br>*1.Қолдағы текшелерді алға созып отыру.*<br>*2.Тұру.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ.: аяқ бірге, текшелерді кеудеде ұстау.*<br>*1.Алға қос аяқпен секіру.*<br>*2.Артқа қос аяқпен секіру.*<br>*3.Б.қ. келу.*<br>*Тыныс алу:*<br>*-тік тұру;*<br>*-аяқ арасы иық көлеміндей алшақ;*<br>*-текшелерді жоғары көтеру* | *Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>*Балалардан жыл мезгілін сұрау.*<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Балалар айтыңдаршы математика оқу қызметінде біз не істейміз?*<br>*Немен танысамыз?*<br>*Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды?*<br>*(Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.)*<br>*Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба?*<br>*Ендеше бір жылда неше ай бар?*<br>*Кәне төрт мезгілді атап беріңдерші?*<br>*Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, комуникативтілік дағды, жаппай бақылау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген .*<br>***1-тапсырма.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*1.Үйге кіргенде не ашылады...*<br>*2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді...*<br>*3. Ұйықтаған кезде не көреміз...*<br>*4.Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды...*<br>*5. Қандай тас өзенде болмайды...* | *Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жүгіру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>*Шеңбер бойы ауыстырмалы қадаммен жүру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/*<br>***2.*** *Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/*<br>***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет )*<br>***4.*** *Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру.*<br>***5.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатып, орнында секіру. /10-15секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Ботқа пісты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых» деп айту.*<br>*4 к моделі. бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** | ***Шаттық шеңбері.***<br>***"Бала,бала,баламыз"***<br>*Е.Өтетілеуұлы.*<br>*Бала,бала,баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамызда қаламыз!*<br>***ІІ.Миға шабуыл***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Көреді бәрін өзгенің,*<br>*Көрмейді бірақ өздерін.*<br>***(Көз)***<br>*Бір нәрсе жегенде тіпті тоймас,*<br>*Адамның ол нәрсесіз күні болмас.* ***(Ауыз)***<br>***ІІІ. Ой дамыту***<br>*Адамның дене мүшесі туралы түсінік беру.*<br>*-Адамның дене мүше-лері не үшін керек.*<br>*-Атқаратын қызметін түсіндіру.(қозғалады..)*<br>***Сұрақ –жауап.***<br>***Мыс: Көз көру үшін*** *т.б*<br>***4. Ой қозғау***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Орнын тауып қой»***<br>*Шарты: әр дене мүшені өз орнына қоя білу*<br>***Сергіту сәті.***<br>***5. Өлең жаттау.***<br>***Қ. Мырзалиев «Не үшін керек»***<br>*Екі көзің не үшін керек?*<br>*Жақсыларды көру үшін*<br>*Екі қолың не үшін керек?*<br>*Елге көмек беру үшін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық,той. Жастар жиналып, ән салып, домбыра тартып, өлең-жыр айтады. Сол күні баланы шілде суына шомылдырып, суға сыңғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, комуникативтілік дағды.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бала, балақан,*<br>*Қане қайсы алақан*<br>*Саусақтарың әйбәт,*<br>*Былай – былай ойнат.*<br>*Пед жет ойын: «Бөпені бесікке бөлейміз»*<br>*Шарты: Баланы бесікке салып, бөлеп үстіне жапқыштарын жабады. Бесікті тербетіп отырып әжей әндетеді, балалар қосылады.*<br>***«Бесік жыры»***<br>*Әлди, әлди бөпешім,*<br>*Әлпештеген көкешім.*<br>*Тербетейін жата ғой,*<br>*Тәтті ұйқыға бата ғой.*<br>*Әлди, әлди бөпешім,*<br>*Сендей сәби жоқ, көкешім,*<br>*Атам, әжем дейсің бе?*<br>*Тілің тәтті бөпешім.*<br>*Креативтілік дағды, комуникативтілік дағды*<br>*Әжемен қоштасып балабақшаға оралу.*<br>*Сиқырлы кілемше* | *(ауа жұту);*<br>*-қос қолдағы текшелерді үрлеу (дем шығару).*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***<br>*1. Заттар арасында еңбектеп жүру.*<br>*2.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу*<br>*4 к моделі, бала үні*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау*<br>***Құрлымдалған қимылды ойын:***<br>***«Құстар мен мысықтар»***<br>***Ойын шартымен таныстыру***<br>***Бақылау әдісі: «Жаппай бақылау***<br>*Қортынды.*<br><br>***2. Сауат ашу негіздері***<br>***Тақырыбы: Ү ү дыбысы мен әрпі***<br>***Мақсаты:*** *Балалар Ү дыбысымен танысады, аталған дыбысқа сөз ойлау арқылы сөздік қорлары дамиды.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І.Шаттық шеңбер***<br>*Шеңбер болып тұрайық,*<br>*Күннің нұрын алайық.*<br>*Жиналған жылы шуақты*<br>*Достарымызға шашайық*<br>***2.Тосын сәт***<br>*АҚТ технологиясымен жұмыс. Теледидардан бауырсақ шығу.*<br>***3.Таңғалу.***<br>*Балалар мені құтқаруға* | *6. Жабық көзбен не көруге болады.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс*<br>***2 тапсырма.***<br>*Пед жет ойын:*<br>*«Апта күндерін ата».*<br>*-Бір аптада неше күн бар?*<br>*-Атап беріңдерші.*<br>*Балабақшаға неше күн барамыз?*<br>*Неше күн демаламыз?*<br>*Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?*<br>*Ал кеше аптаның қай күні болды?*<br>*Ал ертең аптаның кай күні болады?*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал, балалар тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Оңға,оңға түзу тұр!*<br>*Солға,солға түзу тұр!*<br>*Алға қарай бір адым,*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Жоғары-төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық.*<br>***3 тапсырма.***<br>*Пед жет ойын: «Ойлан тап»*<br>*Шарты: Логикалық есептер шығару.*<br>*1) Әсемде бар 5 кәмпит,*<br>*Әселде бар 2 кәмпит.*<br>*Қоссақ 5 пен 2-ні,*<br>*Қанша болар шешімі?*<br>*2) Кеше көл жағасында*<br>*Жиналды 4үйрек*<br>*3-і ұшып кетті неше үйрек?*<br>*3) Алма ағаш үстінде,*<br>*Он жағында 6 алма* | *1. Бір орында тұрып, алға қарай секіру*<br>*2. Кеглилер арасынан «жыланша» еңбектеу.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, командада жұмыс.*<br>***Қимылды ойын****: Кегіліді соқ.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Қортынды*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***2. Сауат ашу негіздері.***<br>***Тақырыбы: Дыбыс буын сөз сөйлеу.***<br>***Мақсаты:*** *балалардың сөз, сөйлем, буын туралы ойлары қалыптасады. Сөйлем құрастырып оны талдайды.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***І.Тілек шеңбері:***<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз*<br>*Баршаңызды құрметтеп,*<br>*Бас иеміз біз.*<br>*П/Ж ойын «Бинго»*<br>*ойын арқылы өткен дыбыстарға сөз ойлау.*<br>*-Дыбыс пен әріптің айырмашылығы неде?*<br>*- Дыбысты естиміз, әріпті көреміз, жазамыз.*<br>*Әріп деген не десең?*<br>*Ол – дыбыстың таңбасы.*<br>*Оқып, біліп үйренсең,*<br>*Боласың сен сауатты.*<br>***ІІ. Ой қозғау***<br>***П//Ж ойын «Сөз тізбек»***<br>***Шарты:*** *сөздер неге қатысты екенін табу*<br>*- Шана, суық, тайғақ, қар, аққала, боран - неге байланысты?*<br>***- Ауа – райына , қыс*** | *Құлақ деген не үшін керек?*<br>*Ақыл кеңес тыңдау үшін*<br>*Тіл мен жағың не үшін керек?*<br>*Ақиқатты айту үшін,*<br>*Ал, аяғың не үшін керек?*<br>*Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін керек.*<br>***Қортынды***<br>*Мынау менің жүрегім,*<br>*Бәрі осыдан басталған.*<br>*Мынау басым ақылды*<br>*Барлық істі басқарған*<br>*Мынау менің оң қолым,*<br>*Мынау менің сол қолым*<br>*Барлық істі атқарған.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***2.Мүсіндеу.Тақырыбы: Мамандық құралдары***<br>***Мақсаты:***<br>*Мамандықтар туралы түсіне отырып, құралдарымен танысады. Топқа бөлу арқылы әр мамандық құралын мүсіндейді.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Арайланып таң атты.*<br>*Күн шуағын таратты*<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн!*<br>*Қайырлы күн, достарым!*<br>*Жылуыма жылу қос,*<br>*Бәріміз болайық дос!* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>***Сөздік жұмыс.***<br>*бала, бесікке бөлеу, атаның бата беруі, той, балаңыздың бауы берік болсын.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Шеберлер»*<br>*1-ші топ.*<br>*Бесікті құрастыру.*<br>*2-ші топ*<br>*Киіз үй құрастыру.*<br>*Шарты: Берілген тапсырмаларды суретке қарап құрастырып, ойларын айту.*<br>*4К моделі, бала үні. Өнім арқылы саралау. жаппай бақылау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық? Әжей немересіне қандай өлең айтып береді? Бесік қандай заттан жасалған?*<br>*Балаларды мақтап, мадақтау.*<br><br>***2.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *«Ұлттық киім мен әшекейлер»*<br>***Мақсаты:*** *Балалар ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен танысады .* | *көмек керек.*<br>*Ормандағы аңдар мені атам мен әжеме жібермей тұр.*<br>*Маған бәрі тапсырма берді.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Бауырсаққа көмектесеміз бе?*<br>***Миға шабуыл***<br><br>***1-тапсырма: Қояннан***<br>*«Сөз ойла, тез ойла» ойыны бойынша өткен тақырыпқа шолу жаса*<br>*Әріп деген не? (Дыбыстың таңбасы)*<br>*Дыбыс деген не, әріп деген не? (дыбысты естиміз, айтамыз. Әріпті көреміз, жазамыз)*<br>*Дыбыстар нешеге бөлінеді? (екіге; дауысты, дауыссыз)*<br>*«А» - алма – яблоко*<br>*«Н» - нан – хлеб*<br>*«С» - су – вода*<br>*«М» - мысық – кошка*<br>*«Д» - доп – мяч*<br>*«К» - күн – солнце*<br>***2-тапсырма. Аюдан***<br>***Жұмбақтың шешуін тап.***<br>*Жарықта соқырмын*<br>*Ұша алмай отырмын. ( үкі )*<br>*Ү сөздің қай жерінде тұр?*<br>*Үкі сөзін буынға бөлу.*<br>*Ү — кі. (екі буын)*<br>*-Баласын ертіп соңынан,*<br>*Сүңгіп, жүзіп, үйретті.*<br>*Су жұқпайтын тонына,*<br>*Кім білмейді........?(үйректі)*<br>*Слайд*<br>*Үйрек суретін көрсету. үйрек үй құсы. Балалар, үкі, үйрек деген сөздің басында қандай дыбысты естіп* | *Сол жағасында 4 алма*<br>*Алмаларды біз қоссақ*<br>*Нешеу болар барлығы?*<br>*4К моделі, бала үні*<br>***4 тапсырма.***<br>*Құрлымдалған ойын: «Көршісін тап».*<br>*1,3,4,*<br>*Жарайсындар балалар!*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.Жарайсыңдар! Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен.*<br>*Балаларға сыйлықты беріп мадақтау.*<br><br>***2. Музыка***<br>***Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.***<br>***Мақсаты:*** *Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>*Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.*<br>*Қолымызды жаяйық,*<br>*Құстай қанат қағайық.*<br>*Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.*<br>*Бір орында айналады.* | *Мектеп, аурухана, байланыс бөлімшесі, мұражай, мәдениет үйі.*<br>*- Бұл тізбек неге байланысты айтылған? -* ***Ғимарат***<br>*Балалар әрбір тіршілік иесінің өздерінің тұратын жері, мекені болады екен.*<br>*- Мысалы адамдар үйлерінде, құстар ұясында, малдар қорасында, ал аңдар өз апандарында өмір сүреді екен, мен қазір сендерге сол туралы ертегі айтып берейін.*<br>***3. Ой дамыту.Ертегі***<br>*Баяғыда бір патшалықта емес, мемлекетте емес тура өзіміздің осы аузымыз болыпты. Үйдің төбесі таңдай, еден дегеніміз төменгі таңдай, үйдің екі қабырғасы екі жағы болыпты. Ал үйдің есігі екі ерін, оның ішінде есік бекем болу үшін қойылған сүйек шарбақтар бар екен, ол – тістер. Бір күні осы үйге, яғни ауызға жылан кіріп орнығып алады, сүйтіп зұлымдық істерін жасай бастайды. Көңіл - күйі жақсы болғанда ол дыбыстарды емін - еркін өткізіп жібереді, мысалы былай А, О, Е, И, Ы, У. Бұл дыбыстар үстіне қызыл көйлек киіп есіктен емін - еркін өтіп шығып жатады. Ал кейбір дыбыстардың жолына сұр жылан түрлі кедергі жасап есікті жауып қояды. М - м - м, Н - н - н, Т -* | ***II. Ой дамыту.***<br>*АКТ технологиясымен жұмыс.*<br>*Мамандықтар туралы қысқаша түсінік беру арқылы олар пайдаланатын құралдардын көрсетіп түсіндіру.*<br>***П/Ж ойын: «Кімге керек?»***<br>***Балаларды топқа бөлу***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.*<br>***1-топ*** *Құрлысшы қалағын мүсіндеу.*<br>***2-топ.*** *Дәрігер құралын*<br>***3-топ.*** *Полиция таяғын мүсіндеу.*<br>*Сипаттама беру.*<br>***П/ж ойын: «Біздің көрме»***<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>**3.Қызықты бейнелер:**<br>**Тақырыбы: Көктем**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, колоритті беру үшін бояулардың түрін таңдай білуге үйрету, баланың тіл байлығын арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ресурстар: АҚТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Күн сәуле шашқаның үшін рахмет!*<br>*Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет!*<br>*Аспан таза ауаң үшін рахмет!*<br>*Ағаш көлеңкең үшін рахмет!*<br>***Миға шабуыл***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Шарты: Киімдер туралы берілген жұмбақты шапшаң шеше білу*<br>***Қызығушылықты ояту АҚТ технологиясымен***<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақ Айгүл келеді. Балаларды ұлттық киімдер көрмесінен тамашалауға шақырады.*<br>*-Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?*<br>*Бұл көрмеде әртүрлі ұлттардың киімдері бар екен. Қандай киімдер көріп тұрсыңдар?*<br> | *тұрмыз?*<br>***Бүгінгі ұоқ тақырыбы: Үү дыбысы мен әрпі***<br>*Үү деп дыбыстату. Хормен айту.*<br>*— Қалай дыбысталады?*<br>*— Қандай дыбысқа жатқызамыз?*<br>*— Ү дыбысын айтқанда ерін, тіл алға созылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тиеді, иек көтеріледі.*<br>*— Дауысты дыбыс.*<br>*Ү дыбысының әрпін баспа, жазбаша түрде таныстыру.*<br>***3-тапсырма. Қасқырдан Жаңылтпашты жатқа айт.***<br>*Үш аша,*<br>*Үшкір ме ұшы аса?*<br>***Тіл ұстарту жаттығуы***<br>***-Үш-үш-үш***<br>*Біз жинаймыз күш*<br>***-Үс-үс- үс***<br>*Болып қалды түс*<br>***4-тапсырма Түлкіден Түлкі, Түтік, Үрме***<br>*Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасап, текшемен жазу.Орындаған тапсырмаларды шетінен бауырсаққа көрсетіп отыру.*<br>*Бауырсақ рақмет балалар. Мен енді атам мен әжеме бартын болдым. Сау болыңдар балалар.*<br>*Қортынды.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*-Қандай әріппен таныстық?*<br>*-дауысты ма дауыссыз ба?*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>***Көктемде ұшып келеді,***<br>***Жаздай концерт береді.***<br>***Өз атын өзі шақырады,***<br>***Сөйтіп күнді батырады.***<br>***Тұмсығымен ояды, Ағаш құртпын жояды.***<br>*Көктемгі тоғайға серуенге шақыру.*<br>*«Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.*<br>*Тоғай, тоғай, көк тоғай,*<br>*Көк тоғайда көп торғай,*<br>*Тоғай іші қапырық,*<br>*Демалайық отырып, — деп, балаларға отырып, жайғасуларын сұрайды.*<br>*Үнтаспадан құстар даусы естіледі («Табиғат үндері» жинағынан).*<br>*Пед жет ойын: «Ненің даусы?»*<br>*Шарты: Құстар дауысын ажыратуларын сұрайды.*<br>***Музыка тыңдау:***<br>***«Көкек» (Х.Мұхамедова, А.Рахмат, аударған М.Әлімбаев)***<br>*әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. Ән сипатын, мағынасын әңгімелейді.*<br>*Балалардан сұрайды.*<br>*Көктем, көктем, көктемде*<br>*Құстардың бәрі де*<br>*Әнші болып кеткен бе?* | *дыбысы шығар кезде тіпті таңдайға жабысып қалады. (қане, осы дыбыстарды бәріміз қайталап айтып көрейік, бұл дыбыстар есіктен сыртқа өте алмай тұр). Сөйтіп сұр жылан дыбыстарды ысылдауға, шырылдауға, қырылдауға мәжбүр етеді. Біресе сұр жылан дыбыстарды құйрығымен ұрады Р - р - р. Бұл дыбыстар ауыздан емін - еркін шыға алмайды, сондықтан олар көк көйлек киіп шығады. Сонымен, емін - еркін шыққан дыбыстар дауысты, қысылып шыққан дыбыстар дауыссыз болып екіге бөлініп қалады. Қызыл көйлек киген дауысты дыбыстар өз - өздерімен, көк көйлек киген дауыссыздар өз - өздерімен жүріп жатады. Оларды жекелей ешкім түсінбейді, сондықтан олар бәрі бірігіп **буын** құрайды, жеке буында түсініксіз болады, **сөз құралады**, жалғыз сөздің де, мәнісі болмайды, сонымен бәрі ақылдасып сөзден бір ойды білдіретін **сөйлем** жасайды. Міне, содан бері балалар, дыбыстардың адамға пайдасы тиіп әлі күнге дейін тіл құралы болып келе жатыр екен.*<br>*- Ал енді балалар, сендерге ертегі ұнады ма, ертегіде не туралы айтылған екен?*<br>*Дыбыстар туралы*<br>*- Ал онда балалар, біз қазір* | **4.Қызықты грамматика**<br>**Тақырыбы: Буынға буын қос**<br>**Мақсаты:**<br>Буынға буын қоса отырып сөз құрастыру, буындап оқуға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Өнім арқылы саралау, Блум таксономиясы, сыни ойлау.<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Алақанды ұрамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Тез шынығып шығамыз.*<br>*Құрлымдалған ойын. «Кімнің заты ажырат»*<br>***Шарты:*** *Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен бойды.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: Көктем келді, құс келді.***<br>***Мақсаты:*** *Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажырата алады. Құстарды қорғап, қамқор болуды түсінеді.*<br>*Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы***<br>*Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.*<br>*Қолымызды жаяйық,*<br>*Құстай қанат қағайық.* | ***3. Жапсыру.Тақырыбы: Дүкенші ыдыстары***<br>***Мақсаты:*** *Бейнелерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра отырып, жапсырады*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***-1.Шаттық шеңбері.***<br>*Үлкен шеңбер құрайық*<br>*Алақанды созайық*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Күннің нұрын салайық*<br>*Жүрекке жылу сыйлайық.*<br>***2.Ғажайып сәт.***<br>***Есік қағады.***<br>*- Қуыршақ Әсем келді.*<br>*- Маған қонақтар келетін еді, дастархан жайуым керек, соған сендерден көмек сұрай келдім. Дастархан жаю үшін ыдыстар керек, ал менде ыдыс жоқ деп ренжиді. Маған көмектесесіңдер ме?Балалардың жауабы*<br>***3. Ой қозғау.***<br>***Слайд арқылы балалардың тақтаға назар аудару.***<br>*- Балалар біз ненің суретін көріп тұрмыз.*<br>*- Мынау кесе, стақан, шәйнек, таба, тарелка, қасық, шанышқы, кастрюль.*<br>*- Балалар бұлардың бәрін бір сөзбен не деп атаймыз?*<br>*-Бұл ыдыстар қай жерде болады, ыдыс сататын адамды кім дейміз?*<br>***4.Сурет салудың әдіс-тәсілдерімен таныстырып,түсіндіру.***<br>***Балаалрды топқа бөлу***<br>***1-топ Кесе жапсыру.*** | *Біз де ән салайық,*<br>*Шығып алып бөктерге!*<br>*Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»*<br>***(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп,***<br>*дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі.*<br>***Ән үйрену:***<br>*«Көктем» (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді.*<br>*Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.*<br>*Құрлымдалған қим ойын: «Не қалай шақырады?»*<br>***(Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек)***<br>*Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі.*<br>*Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, даусын салады.*<br>*Ойын шартын сақтап, көңілді ойнап, қызығушылықтары артады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*- Қандай құстың даусын ұнатасың?*<br>*- Сенің ауладңда қандай құстар бар?*<br>*- Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?*<br><br>***3. Өзін өзі тану.***<br>***Тақырыбы:*** *Ұлттық* | *дауысты, дауыссыздар болып екі топқа бөлінейік*<br>*- Ертегіде айтылған дыбыс, сөз, сөйлем, буын туралы біз қазір жұмыс істейміз.*<br>*Балаларды түсті дөңгелекшелермен бағалау.*<br>*- Қызыл өте жақсы, көк жақсы.*<br>***1 - тапсырма: Неге дауысты дыбыс дейміз?*** *Дауысты дыбыстар тобы мысал келтіріп айтып береді.*<br>*- Дауысты дыбыс дегеніміз кедергіге ұшырамай, еркін, ашық айтылатын дыбыстар. Алма, ана, аға т. б*<br>***2 - тапсырма:Құрлымдалған ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*екі топқа әр түрлі буындарды беру, буындардан сөз құрау, қай топ тез және көп құрайды сол жеңіске жетеді.*<br>*- Са — ғат, а — ға, а — та, ба — қа, ар - па, ро - за т. б*<br>***Сергіту жаттығуы.***<br>***Буындармен қосылып ән салу*** *до - ре - ми - фа - соль - ля - си - до. До - си - ля - соль - фа - ми - ре - до*<br>***3 - тапсырма:П/Ж ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Дыбыстық талдау. Сөзді буынға бөлу, әрі қанша дауысты, дауыссыз, барлығы неше дыбыс болғанын ажырату.*<br>*- Таға, Арна*<br>***4 - тапсырма:*** *Топта «Ауыл мен қала» бейнесін бейнелейтін мазмұнды суреттерге қарап әңгіме* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.<br>Бір орында айналады.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Көктемде ұшып келеді,**<br>**Жаздай концерт береді.**<br>**Өз атын өзі шақырады,**<br>**Сөйтіп күнді батырады.**<br>**Тұмсығымен ояды, Ағаш құртпын жояды.**<br>Көктемгі тоғайға серуенге шақыру.<br>«Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.<br>Тоғай, тоғай, көк тоғай,<br>Көк тоғайда көп торғай,<br>Тоғай іші қапырық,<br>Демалайық отырып, — деп, балаларға отырып, жайғасуларын сұрайды.<br>Үнтаспадан құстар даусы естіледі («Табиғат үндері» жинағынан).<br>Пед жет ойын: «Ненің даусы?»<br>Шарты: Құстар дауысын ажыратуларын сұрайды.<br>**Музыка тыңдау:**<br>**«Көкек» (Х.Мұхамедова, А.Рахмат, аударған М.Әлімбаев)**<br>әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. Ән сипатын, мағынасын әңгімелейді. | **2-топ Тарелке жапсыру**<br>**3-топ Шайнек жапсыру**<br>Балалардың жұмысын бақылау. Қиналған балаларға көмектесу.<br>Сергіту сәті.<br>Қолға кесе аламыз<br>Кесеге шай құямыз.<br>Шәй ыстық фу-фу деп үрлейміз.<br>Шәйден барлығымыз ішейік. (2-3 рет)<br>П/ж ойын: «Біздің көрме»<br>Балалардың жұмысын бағалау.<br>Әсемге ыдыстарды сыйлау<br>**6Қорытынды.**<br>- Балалар бүгінгі оқу қызметінде бізге қонаққа кім келді?<br>- Балалар немен таныстық?<br>- Балалар біз Әсемге не сыйладық?<br><br>**4. Орыс тілі**<br>**Тема: Все профессии важны**<br>**Цель:** воображение у детей ; воспитывать уважение к трудовой деятельности, к людямлюбой профессии.<br>**Организационный момент.**<br>сегодня к нам пришло письмо, его принес нам почтальон: как вы думаете, кто такой почтальон?в письме почтальон просит вас рассказать о профессиях ваших родителей.<br>утром родители привели вас в класс, а самипошли ... (куда?)<br>На работу. | дәстүрім-мақтанышым.<br>**Мақсаты:** «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтармен тәрбиеленеді.<br>Ресурстар: АКТ технологиясы, тақырып бойынша көрнекіліктер<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Тәрбиеші балаларды шеңберге жинап, «Қазағымның дәстүрлері-ай» әнін бірге айтады.<br>**1.АҚТ технологиясы.**<br>Балаларға «Қазақтың салт-дәстүр лері» туралы айтып түсіндіру.<br>**Мысалы:Тұсаукесу.**<br>Бұл халқымыздың сәби тәй-тәйлап жүре бастаған кезде атап өтетін дәстүрлерінің бірі екенін айту. Үлкендер бұл тұсау кесер ырымын бала тез жүріп кетсін деп жасайды. Баланың тұсауын жасы үш түрлі затпен кеседі және үлкен,ауылдың бір сыйлы адамына кескізеді.Көк шөппен кесекндегі мақсаты-көк шөптей көгеріп, өсіп-өн дегені,тоқ ішекпен кескені-үнемі қарыны тоқ, молшы лық болсын,ал ала жіппен кескенде жаман іс жасама және біреудің ала жібін аттама-дегенді білдіреді.<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы<br>**Біздің еліміз -де көп ұлттың** | құрастыру.<br>- Дауысты, дауыссыз командасы: «Ауыл мен қала» мазмұнды суретке әңгіме құрайды.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Көркем сөздер әлеміне саяхат.**<br>**Мақсаты:** Балалар мамандық туралы мақал-мәтел, жұмбақтар және тақпақ айтады.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**I.Шаттық шеңбер**<br>Кел балалар, күлейік<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді болып жүрейік.<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**I. Миға шабуыл**<br>**Мақал айтам өзіңе**<br>-Диқан жерді анасындай сүйеді,<br>Жер диқанын баласындай сүйеді.<br>-Қай мамандық туралы айтылған?<br>-Шебердің инесі де алтын, Соққан күймесі де алтын.<br>-Жақсы дәрігер ауруды жазады, -жаман дәрігер ауруға ауру қосады<br>**II. Ой қозғау.**<br>**Жұмбақтар әлемі** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалардан сұрайды.*<br>*Көктем, көктем, көктемде*<br>*Құстардың бәрі де*<br>*Әнші болып кеткен бе?*<br>*Біз де ән салайық,*<br>*Шығып алып бөктерге!*<br>*Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»*<br>***(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп,***<br>*дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі.*<br>***Ән үйрену:***<br>*«Көктем» (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді.*<br>*Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.*<br>*Құрлымдалған қим ойын: «Не қалай шақырады?»*<br>***(Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек)***<br>*Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі.*<br>*Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, даусын салады.*<br>*Ойын шартын сақтап, көңілді ойнап, қызығушылықтары артады.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***Қортынды***<br>*- Қандай құстың даусын ұнатасың?*<br>*- Сенің ауланда қандай құстар бар?*<br>*- Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?* | ***(К, и) Работа в азбуке-тетради.***<br>***задание №1.*** *рассмотри картинку, расскажи, кто это. чем*<br>*они занимаются?*<br>*А вы знаете, где работают ваши родители? как на-зываются их профессии? Я работаю в школе, моя профес- сия – учитель.*<br>***задание №2. Рассмотри иллюстрации. Послу- шай и запомни название профессий. Повтори.***<br>*Назови, какой одинаковый звук ты услышал. какой он? (гласный, согласный)*<br>***Д/и «Подскажи словечко».***<br>*Профессий всех не сосчитать! А вы какие можете назвать?*<br>*вшколеучитнас(учитель) строит здания (строитель) торговлей занят (продавец) от болезней лечит(врач) Потушитвмигпожар(пожарный) вмашине груз везет (шофер)*<br>***задание №3. Рассмотри картинки. Расскажи, кто что делает.***<br>*Послушай и запомни пословицу «Без труда не вытащишь и рыбку из пруда».*<br>***Послушай стихотворение, расскажи, кем мечта- ет стать мальчик.***<br>***Ж. Абдирашев***<br>*Я – шофер,*<br>*Я с ветром спорю, обгоню* | ***өкілдері тұрады.*** *Олардың бәрі тату-тәтті өмір сүреді. Әр ұлттық дәстүр лері,тілдері әр түрлі. Үлкендер балаларын адамгершілікке, ина баттылыққа,мейірімділікке тәрбиелейді.*<br>*2.Пед жет ойын: «Атын ата»*<br>*Шарты: АКТ технологиясымен көрсетілген салт-дәстүрді атау.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>*3.Дәйексөз жетекші балаларға «Ұлттық дәстүр-асыл мұра» деген нақыл сөзді бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Бөлігін тап»*<br>*Шарты: Алтыбақан, киіз үй, бесік берілген заттардың бөлігін тауып құрастыру.*<br>*Сыни ойлау, командада жұмыс, комуникативтілік дағды, креативтілік.*<br>***4.Жүректен жүрекке .***<br>*Міне,сондай жомарт сенің халқың.*<br>*Ешқашан жоғалтпаған ата салтын.*<br>*Жас ұрпақ,ойлан өзің,бір тарихтан,*<br>*Қазақ болып қал, қадірле қазақ халқын.*<br>***Қорытындылау***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***4.Қызықты математика***<br>**Тақырыбы: Заттарды санау Мақсаты**: Апта күндерінің, жыл | ***П/Ж ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Өскен шашты жаратпайтын*<br>*Қайшысы бар жалақтайтын.*<br>***(шаштараз)***<br>*Оның тіккен бұйымы,*<br>*Аяғыңды қаптайды,*<br>*Шыға қалса жұлымы,*<br>*Әдемілеп баптайды* ***(етікші)***<br>*Дабылға тез жететін,*<br>*Жалынға сүңгіп кететін.*<br>*Қақалса да түтінге,*<br>*Тайсалмайтын батыл кім,*<br>*Жасқанбайтын батыр кім?*<br>***(Өрт сөндіруші)***<br>*-Бал татыған мәзір,*<br>*Ол бар жерде әзір.* ***(аспаз)***<br>*Күміс қанат, сұңқары,*<br>*Көкке еркін сүңгиді.*<br>*Бұлттан да тым әрі,*<br>*Кеткен жанды кім дейді?*<br>*(Ұшқыш)*<br>*Жалтылдап қалағы,*<br>*Салатын кім қаланы?*<br>***(құрлысшы)***<br>***ІІІ. Ой дамыту***<br>***Мамандықтар.***<br>***Серік Әкірамұлы***<br>*Теміржолшы атам да,*<br>*Шығады алыс сапарға.*<br>*Сәнді киім тігетін,*<br>*Тігінші ғой апам да.*<br>*Әкем құрылыс салады,*<br>*Көркейтеді қаланы.*<br>*Анам менің ұстаз ғой,*<br>*Оқытқан бар баланы.*<br>*Пайдасы көп елге оның,*<br>*Салады ағам ел жолын.*<br>*Әпкем менің дәрігер,*<br>*Жасайтұғын ем-домын.*<br>*Білікті ғой бар маман,*<br>*Ұшқыш та бар самғаған.*<br>*Инженер мен заңгер бар,* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***4.Қоршаған ортамен***<br>***Тақырыбы:*** *Ұлттық өнер*<br>***Мақсаты:*** *Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды атай алады.*<br>*Ресурстар: АҚТ технологиясы, аспаптар суреттері.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жадырайды жүздерің*<br>*Жарқырайды тобымыз*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Білмеспек келеді.***<br>*Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді.*<br>*Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді. Мен ұлттық аспаптарды білмеймін.*<br>*-Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім.*<br>*Балалар көмектесеміз ба?*<br>***АКТ технологиясы***<br>***Слайд.*** *Ұлттық аспаптар.*<br><br>***Домбыра, қобыз, жетігенмен таныстыру.*** *домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру.* | *Адиля, Борю. На пути моем не стойте, Я лечу на новостройки. Грудью я приник к рулю, всех на светеобгоню.*<br>*Эй, би-бип, посторонитесь,*<br>*На шофера оглянитесь.*<br>*Позади клубится пыль,*<br>*Мчится мойавтомобиль.*<br>*А кем мечтаете статьвы?*<br>***задание №4.*** *кому что нужно для работы? соедини линией. раскрась.*<br>***Пальчиковая гимнастика «Профессии».***<br>*Много есть профессий знатных, (соединить пальцы правой руки с большим.) и полезных, и приятных.*<br>*(соединить пальцы левой руки с большим.)*<br>*Повар, врач, учитель, Парикмахер, продавец, водитель.*<br>*(последовательно соединить пальцы обеих рук с боль- шим.)*<br>*сразу всех не называю, (сжимать и разжиматькулачки.) вам продолжитьпредлагаю. (вытянуть руки вперед ладонями вверх.)*<br>***Д/и «Кембыть?».***<br>*дети выбирают картинку с изображением любой профес- сии и рассказывают оней.*<br>*Предлагает оценить работу. «солнышко».*<br>*дети прикрепляют лучики желтого цвета – мне очень* | мезгілдерінің, айдың атауларымен таныстыру,оларды ретімен атауға үйрету. | *Елге еңбегін арнаған.*<br>*Болашаққа жол алдым,*<br>*Кемелденіп толамын.*<br>*Бір мамандық иесі,*<br>*Мен де өскенде боламын.*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*Өскенде кім болғың келеді?*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***3.Сурет салу***<br>***Тақырыбы.*** *Сайқымазақ*<br>***Мақсаты.*** *Түстерді ажырата білуге,саусақпен дөңгелек пішінді заттарды салуға үйренеді.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер:***<br>*Армысың,қасиетті Аспан-Ата!*<br>*Армысың,мейірімді Жер-Ана!*<br>*Армысың, шұғылалы Алтын күз!*<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн!*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Циркте жануарлар да бар.Циркте сендер сүйетін, сендерді күлдіретін кім?*<br>*Дұрыс .Сайқымазақ.*<br>*Қане,бәріміз бірге сайқымазақ деп айтайық.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Топқа сайқымазақ кіреді.*<br>*Сәлеметсіндер ме, балалар!*<br>***Сайқымазақ:*** *Мен көнілді сайқымазақпын. Сендер көңілсізсіндер ғой, келіндер, ойын ойнайық. Қолымдағы сиқырлы шарды кімге берсем,сол бала менімен би билейді.*<br>*Жарайсындар* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>*- Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады.Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады*<br>*Мазмұн арқылы саралу. Блум таксономиясы.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кәне балалар тұрайық*<br>*аспапқа қол созайық,*<br>*Қобызды да ойнайық*<br>*Домбыраны да тартайық*<br>*Сыбызғыны сызылтып,*<br>*Билеп-билеп алайық.*<br>***Қобызбен таныстыру.***<br><br>***Жетігенмен таныстыру.***<br><br>*Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***Пед жет ойын: «Қай аспаптың үні?»***<br>*Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптың суретін көтереді)*<br>*Сыни ойлау, бала үні.* | *пон- равилось занятие; голубого цвета – занятие неинтересное.* | | *Рахмет.Ал, енді, бойымызды жазып, жаттығуды орындайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Жоғары қарап күн көрдік,*<br>*Төмен қарап жер көрдік.*<br>*Оңға, солға бұрылдық,*<br>*Егеменді ел көрдік.*<br>***Сайқымазақ:*** *Балалар,мені көрші топ күтіп қалды, мен сонда барып келейін. Кездескенше, сау болыңдар!*<br>*Балалар, көңіл- күйлерің түспей – ақ қойсын. Сайқымазақты біз тағы да шақырамыз. Ал ол келгенше сыйлық дайындап қояйық. Өткен біз адам-ның сұлбасын салғанбыз. Енді алдарыңдағы сұлбаға сайқымазақтың киімін киіндірейік.*<br>***Үлгі көрсету түсіндіру. Жұмыстың орындалу тәсілдерін көрсетіп,түсіндіру.***<br>*(киіміндегі дөңгелектерді саусақпен салу )*<br>*-Қосымша бөлігін қылқаламдармен толықтырамыз. Балалар, біздің сайқымазағымызға бір нәрсе жетпей тұр. Ол не деп ойлайсыңдар? Сайқымазақ парик- «жасанды шаш» киеді. Оның шашын салып,оны бояймыз.*<br><br>*Бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ой қозғау.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралу*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Құрылымдалған ойын: «Бөлігін тап»*<br>***Шарты.*** *Берілген суреттегі аспаптардың бөлігін тауып құрастыру.*<br>*1-ші топ.*<br>*Домбыра бөлігін тауып құрастыру.*<br>*2-ші топ*<br>*Жетіген бөлігін тауып құрастыру*<br>*3-ші топ*<br>*Қобыз бөлігін тауып құрастыру.*<br>*4К моделі, бала үні, өнім арқылы саралау,Блум таксономиясы.жаппай бақылау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.* | | | *6. «Біздің көрме» ойыны.*<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>***Қорытындылау.***<br>*Сайқымазаққа сыйлықты беріп жіберу.*<br>*Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?*<br>*Біз кімді қуындірдік?*<br>*Сайқымазақ қайда жұмыс істейді?*<br>*Жарайсындар, сендер сайқымазаққа тамаша сыйлық дайындадыңдар.*<br>*Балаларды мадақтау. Көңілді смайлктер беру.* | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека №1***<br>***Ауа райын бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 3***<br>***Желді бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 4***<br>***Аспанды бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 5***<br>***Бұлтты бақылау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №11***<br>***Ағаштарға бақылау жасау***<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.* | | | | |